

Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне атаулы материалдық көмекті мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімиятының 2003 жылғы 11 наурыздағы № 19 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2003 жылғы 31 наурызда № 2121 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы № 180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2004.12.08 № 180 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Жарлығына сәйкес Қамысты аудандық әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектерін әлеуметтік қорғау жөніндегі атаулы материалдық көмек көрсету түрінде 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайын 230 теңге мөлшерінде қосымша шаралар белгіленсін.

2. Қоса беріліп отырған ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне атаулы материалдық көмек тағайындау мен төлеудің Ережелері б е к і т і л с і н (қ о с ы м ш а).

3. Қамысты ауданы әкімиятының 2002 жылғы 9 ақпандағы № 40 2002 жылға арналған "Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне атаулы материалдық көмектің мөлшерін белгілеу туралы" қаулысының күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Ерболат Бакеұлы Бекмұхамедовке жүктелсін.

Аудан әкімі

Аудан әкімінің **қ ұ қ ы қ т ы қ**

мәселелері жөніндегі көмекшісі

КЕЛІСІЛДІ

Аудандық қаржы басқармасының

бастығы

Қамысты аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау

басқармасының бастығы

Қ а м ы с т ы а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 1 н а у р ы з д а ғ ы

№ 19 қаулысымен Бекітілді

**Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне
атаулы материалдық көмек тағайындау мен төлеуді
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Осы ереже Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Жарлығына сәйкес әзірленген.

1. Жалпы ереже

Осы ереже Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне атаулы материалдық көмек көрсету тәртібін реттейді.

**2. А та у л ы м а т е р и а л д ы қ к ө м е к т і
тағайындаудың ережелері**

1. Атаулы материалдық көмек арыз нысанында болады.
2. Атаулы материалдық көмек тағайындау туралы өтінішті оны алуға құқығы бар адам заңға сәйкес аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасында береді.
3. Атаулы материалдық көмек сұраушы белгіленген үлгі бойынша атаулы материалдық көмекті тағайындау туралы арыз береді.
4. Атаулы материалдық көмек тағайындау үшін арызды қарауды атаулы материалдық көмек тағайындау жөніндегі аудандық комиссия 10 күндік мерзімде ж ү з е г е а с ы р а д ы .
5. Атаулы материалдық көмек тағайындауда дәлелді бас тарту болған жағдайда бұл туралы өтініш берушіге жазбаша хабарланады.
6. Атаулы материалдық көмек арыз берген айдан есептеледі.
7. Берілген ақпаратты растағаны үшін арызды қабылдаған адам толық жауап береді. Ақша төленгеннен кейін ақпараттың рас еместігі, не басқа заң бұзушылық анықталса, заңсыз төленген сома заңмен белгіленген тәртіп бойынша кінәлі тұладан өндіріліп алынады.

3. Атаулы материалдық көмекті төлеу

8. Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне атаулы материалдық көмек төлеу аудандық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

9. Аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы аудандық комиссияның шешімі негізінде есептеулер жүргізеді, атаулы материалдық көмек тағайындалған азаматтардың тізімін жасайды және

қаржыландыруға аудандық қаржы бөліміне ай сайын тапсырыс ұсынады.

10. Атаулы әлеуметтік көмекті төлеу Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің тиісті банкілік операцияларына лицензиясы бар, заңдылықтармен белгіленген тәртіппен конкурсты жеңіп алған ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

11. Атаулы әлеуметтік көмекті төлеу аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының ұсынған тізімдеріне сәйкес жүргізіледі.

12. Атаулы материалдық көмекті төлеу ағымдағы айға жүргізіледі.

13. Атаулы материалдық көмекті төлеу алушының қайтыс болған күнінен тоқтатылады.

4. Атаулы материалдық көмек төлеуге бақылау жасау

14. Аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы ай сайын Азаматтық хал актілерін жазу органдарынан атаулы материалдық көмек тағайындалғандардың қайтыс болған жағдайларын тіркеу туралы мәлімет сұратып отырады.

15. Аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы ай сайын мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың аудандық бөлімінен Қамысты ауданынан тыс жерлерге кеткен және қайтыс болғандар, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері туралы мәліметтерді сұратып отырады.

16. Дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша заңсыз атаулы материалдық көмек төленіп кетсе, осыған кінәлі лауазымды адамдар заңмен белгіленген тәртіп бойынша жауап береді.

17. Төленген сомаларға бақылау аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы мен атаулы материалдық көмекті төлеуді жүзеге асыратын, конкурс жеңімпазы арасында ай сайын тексеру- актілері негізінде жүзеге асырылады.

18. Аудандық қаржы бөлімі атаулы материалдық көмекті төлеуге бюджет қаражатының дұрыс шығысталуына тексерулерді жүзеге асырады.